

**Ынтымақ ЖОББ 2021-2022 оқу жылы бойынша
өткізілген тәрбие жұмысына сараптама**

Ынтымақ ЖОББ мектебінде тәрбие ісі жұмысының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алынып жасалған.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, жас жеткіншектердің бойында азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру»

Тәрбие жұмысының мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру аясында жауапты және жан-жақты үйлесімді дамыған, рухани адамгершілік жағынан бай тұлғаны тәрбиелеу. Өзін –өзі дамыту, оқушылардың жекек басының өзін-өзі анықтау, олардың қоғамдағы сәтті әлеуметтенуі үшін жағдай жасау.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті қалыптастыру.
- Азаматтыққа және патриотизмге, өз Отанын-Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге;
- Саяси, құқықтық, экономикалық, экологиялық талғам мәдениетін қалыптастыру;
- Отбасылық мәдениетті және гендер проблемасындағы сауаттылықты қалыптастыру;
- Рухани-адамгершілік, этномәдениет, ұлтаралық қатынас пен толеранттық мәдениетін қалыптастыру;
- Сыни ойлау дағдысы мен салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие
2. Рухани-адамгершілік тәрбие
3. Ұлттық тәрбие
4. Отбасылық тәрбие
5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
7. Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сипаттама: Оқушылардың 2020-2021 жылымен 2021-2022 оқу жылының басы бойынша әлеуметтік жағдайының мониторингі

Оқу жылы	Барлық оқушы саны	Аз қамтылған	Көп балалы отбасы	Толық емес отбасы
2021-2022ж.ж	151 оқушы	4 оқушы , 1 отбасы	77-бала, 29-отбасы	16-бала 13-отбасы
2022-2023 ж.ж	156 оқушы	4 оқушы 1 отбасы	77-бала 28 отбасы	16 бала 10 отбасы

Бұл көрсеткіш бойынша аз қамтылған отбасы саны көбейіп жатыр, толық емес отбасы саны мен көп балалы отбасы саны 2-есеге өсті.

Сынып жетекшілерінің сапалық құрамы:

2020-2021 оқу жылында: зеріттеуші – 8 (22,22%), сарапшы – 11 (30,5%), модератор – 6 (16,6%), II-санатты - 1 (2,7%), санаты жоқ - 9 мұғалім.

2021-2022 оқу жылы: зеріттеуші – 8 (22,22%), сарапшы – 11 (30,5%), модератор – 7 (19,44%), II-санатты - 1 (2,7%), санаты жоқ - 9 мұғалім. Бұл бізге мұғалімдердің сапалық көрсеткішінің динамикасы өсті дегенді білдіреді.

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: Отанға, мемлекет пен қоғамға сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұратын патриоттық азаматты тәрбиелеу.

Осы бағыт бойынша 15 іс-шара жоспарланды, барлығы да өткізілді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы акциясы шеңберінде бірыңғай «Саналы ұрпақ-жарқын болашақ» білім беру сабағы 1 қыркүйек күні барлық сыныптарды ұйымдастырылып жақсы деңгейде өтті, бұл тәрбие сағаттарға ата-аналар қатысты - 39. Жауапты ұстаздар әр сынып бойынша анықтамаларын жазып тапсырды.

«Қауіпсіз мектеп» айлығы шеңберінде мектепте құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша жоспар құрылды, бала құқығы бұрышы жаңғыртылды және құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесі 5 адамнан құралып, тағайындалды. Сонымен қатар түнгі рейд кестесі құрастырылды. Түнгі рейд кезекшілігіне 36 мұғалім тартылды. Мектеп мұғалімдерінің жүйелі кезекшілігі нәтижесінде оқушылар тарапынан ешқандай құқық бұзушылық тіркелген жоқ.

«Адал ұрпақ» тобының жұмысын тәлімгер Жарқын Ділде ұйымдастырып, 8-11 сынып оқушыларына «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тәрбие сағаты өткізілді және бейнеролик көрсетті. «Біз адал еңбекті қолдаймыз!» акциясы «Адал ұрпақ» тобы ұйымдастырып өткізді, акцияға 5-11 сынып оқушылары және мұғалімдер қатысты. 8-11 сынып оқушыларына (53 оқушы қатысты) «Терроризм адам өміріне қауіпті» атты доңгелек үстел, «Жемқорлыққа жол жоқ» атты тәрбие сағаттары өткізілді, бейнеролик көрсетті және қабырға газеттер байқауы ұйымдастырылды.

«Жас Айбын» әскери-патриоттық клубының жетекшісі Тұрғанбек Ж.С. үнемі әр түрлі шараларды өткізіп отырды, жоғары сыныптың оқушылары белсене қатысты.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» бөлек жоспар құрылып, шаралар өтті, соның ішінде ата-аналар мен жұмыс, педагог-психолог Өнербекқызы Ж «Зорлық зомбылық» баяндама оқиды, оқушыларға сауланама жүргізді.

Мектеп оқушылары арасындағы қылмыспен құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әр түрлі түсінік жұмыстары жүргізілді. Құқық бұзушылықтың алдын-алу және «қиын» балалармен жұмысты жандандыру мақсатында мектепте «Сенім жәшігі» орнатылған. Мектепте «қиын» балалар есепте жоқ. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында спорт үйірмелеріне оқушылар қатысады. Оқушыларды түрлі үйірмелерге тарту олардың бос уақытын тиімді пайдалану, сол арқылы қылмыстың алдын-алу таптырмас құрал болып табылады.

Мектебімізде 1-19 қараша аралығында республикалық «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты іс-шараның жоспары жасақталды. Іс-шара барысында «Зорлықсыз қалай әлем құру», тақырыбында 9-11 сыныптар арасында ең үздік эссе сайысы «Реніш пен кемсітусіз балалар!» атты тақырыпта 1-11 сыныптарда сынып сағаттары өтті. Мектеп психологы Өнербекқызы Ж. «Отбасындағы зорлыққа жол

жоқ» тақырыбында оқушы мен ата-аналарлар арасында психологиялық тренингтер жүргізді. Ұйымдастыру мақсаты оқушымен ата-аналардың арасындағы қарым қатынас, құлық-мінезін анықтау. Іс-шара барысында ЖПҚ-ң ЮПТ Целиноград ауданы бойынша полиция капитаны Булегенов Асхат Бахитович, ТІЖДО Дуйсенова А.К., тарих пән мұғалімі Нұрахмет А.К. құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында оқушылармен жиналыс өткізді. Оқушыларға «Түнгі мезгілдегі балалар», «Жасөспірім» «Көше» атты кешкі рейд жұмыстары жүріп жатқандығын мәлімдеді. Оқушыларға кешкі сағат 23.00 ден кейін үлкендерсіз жүруге тыйым салынатыны туралы түсіндірді. "Қазақстанның мәңгілік жері – Ұлы Дала Елі!" атты ҚР тәуелсіздік күніне арналған жоспар құрылды, және жоспарға сай барлық шаралар өте жақсы деңгейді өтті. Тәлімгер Шерікбай Ж «Жас Ұлан», «Жас қыран» қатарына бастауыш сынып-14 пен 5 сынып оқушыларын-17 қабылдау рәсімін өткізді, бұл шараға ата-аналарда қатысты. «Желтоқсан жаңғырығы- Тәуелсіздік» атты мерекелік концерттің ұйымдастырып өткізген жауапты: ТІЖДО Дуйсенова А.К. музыка пән мұғалімі Бейсенбаева Л.К, тәлімгер Шерікбай Ж.

Мақсаты: Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, өз ана тілін, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін сақтай білуге патриоттық сезімге тәрбиелеу. Концертте оқушылар өз өнерлерін көрсете білді.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы акциясы шеңберінде және Ұлы Отан соғысының жеңісіне арналған «Құрметте, жеңістің ерлерін!» әдеби монтаж байқауы 8-11 сынып оқушыларымен ата-аналар арасында ұйымдастырылып жақсы деңгейде өтті, ата-аналар қатысты. Жауапты ұстаздар әр сынып бойынша анықтамаларын жазып тапсырды. Жеңістің 75 жылдығына арналаған мектепшілік шаралар жоспары қырылды соның ішінде: «Біз арқашан есімізде сақтаймыз» мектеп мұражайына саяхат ұйымдастырып өткізген тарих пәні мұғалімі Нұрахмет А.К мен сынып жетекшілер 1-7 сынып оқушыларға. «Жеңіс жыры» атты ән байқауы 8-11 сыныптармен бірге қатысты ата-аналарда, байқау жоғары деңгейде өтті. «Ерлік жыры-елдіктің ескерткіші» мәнерлеп оқу байқау 5-7 сынып оқушылар арасында мектеп кітапханашы Төлеухан Г. ұйымдастырып өткізді, мақсаты дарынды балаларды іріктеу және мамыр айында үлкен шарада оқушылардың өнерлерін қосу.

Мектеп оқушылары мен ұстаздары Ұлы Отан соғысының Жеңісінің арналған аудандық, облыстық және республикалық байқауларға белсене қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізген	Іс-шаралар атауы	Тиімділігі
40	40	100%	Ең жақсы деңгейде өткізілген іс-шаралар: «Мен өз Отанымның патриотымын» атты тәрбие сағаттар; ➤ «100 жаңа есім » атты жоба ➤ Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша кездесулер, рейд ➤ «Адал ұрпақ»тобының іс-шаралар іске асырылды. ➤ ҰОС Жеңісіне арналған	Сынып жетекші мен оқушы арасындағы қарым-қатынас нығая түсті, Отанға деген құрмет қалыптастыруда ерекше мәні болды. Қызықты тартымды болды.Бұл шараға сынып жетекшілер, оқушылар және ата-аналар атсалысты. «Мәңгілік ел» патриоттық акциясы репортаж жүргізген оқушыларымыз сөйлеу мәдениеті мен этикасын өз бойларында

			шаралар соның ішінде қашықтық	қалыптастыруына септігін тигізді. Оқушылар ұялы телефонның пайдаланып бейнероликтер құрастырды
--	--	--	-------------------------------	---

Ұсыныс: осы бағыт бойынша жұмыстарды әр қарай жалғастыру.

Бағыты: рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру.

Бұл бағыт бойынша 5 іс-шара жоспарланып өткізілді. «Мектепке жол» қамқорлық акциясына жеке кәсіпкелермен мектеп мұғалімдері белсене қатысты. Қариялар күні «Өз жүрегіңнің жылуымен бөліс» акциясы ұйымдастырылып өткізілді. Ардагер ұстаздардың, тыл ардагерлерінің үй жұмыстарына көмек көрсетілді, бұл іс-шарада жоғары сынып оқушылары өз белсенділігін көрсетті. Қариялар күніне арналған мерекелік концертке мектеп оқушылары атсалысып, өз үлестерін қосты. «Ұстаз деген жарқын күні ғаламның» мерекелік концерті жақсы деңгейде ұйымдастырылды, соның ішінде 4 «А» және 9-11 ер балалары белсенді қатысты.

Осы оқу жылы мектепте «Бір ай-Бір Ел!» жобасы іске асыру жолдары басталды, 6-11 сынып оқушылары ай сайын бір ел туралы мәліметтерді әр түрлі әдістерді қолданып оқушыларға берілді.

Абай Құнанбаевтің 175 жылдығына орай «Абай-өз халқының және барша адамзаттың баласы» атты іс-шаралар құрастырылды. Мектеп кітапханшысы Төлеухан Г «Абай мұрасы-ұрпаққа ұлағат» әдеби сайыс сабағын ұйымдастырып өткізді, бұл шараға 4-7 сынып оқушылары қатысты. Оқушылар ой түйіндеу, сөйлеу мәдениетін дамыту және ақын өнегесін үлгі ете отырып елін сүйюге тәрбиелеу.

Дүниежүзілік балалар күні (20 қараша) және Бала құқықтары туралы БҰҰ конвенциясы қабылданғанының 30 жылдығы мен ратификацияланғанының 25 жылдығын мерекелеу арналған "БАЛАЛАР ҮШІН БІРГЕ» мектепте жоспар құрылды, соның ішінде акция «Мейірімді жүрек» өте жақсы деңгейде өткізілді, акция аясында Орал қ «Балалар үй» оқушыларға әр түрлі сыйлықтар берілді, тәрбие сағаттар өздырылды.

Қазіргі заман қыздарының жақсы және ерсі қылықтары жөнінде сөз қозғалды. Мектеп медбикесі Шамеш С қыздарға арналған семинар ұйымдастырды.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізген	Ұйымдастырылуы	Тәрбиелік мәні
11	11	100%	«Мен алғыс білдіремін!» мейрамы, «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу профилактикасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты, Аудандық ішкі саясат бөлімнің өкілі, теолог Б.Айдахановпен кездесу жоғары деңгейде ұйымдастырылды. «Өз жүрегіңнің жылуымен бөліс» акция ауылдағы қарияларға ерлік клубы көмек көрсету «Мейірімді жүрек, жылы	Оқушылар бойында әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілген моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру. Тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту

			алақан» акция, Орал қ балалар үйіне көмек көрсету	
--	--	--	---	--

Ұсыныс: Ер балалар клубының жұмыс нақты жолға қою

Бағыты: ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, ана мен мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасының этностары мен этностық топтарына құрмет көрсету

Осы бағыт бойынша 3 іс шара жоспарланған барлығы да өткізілді.

«Қазақтың ұлттық ойындары» атты тәрбие сағаты 1-4 сынып оқушыларына сынып жетекшілер өткізді.

«Теңге – Тәуелсіз Қазақстанның белгісі» - атты дөнгелек үстел тарих пәнінің мұғалімі Дуйсенова А.К 8-11 сынып оқушыларына өткізді. Мақсаты: Ұлттық ақшамыз теңге туралы түсінік беру. Ақша түрлері (қағаз, темір, ірі, ұсақ) туралы ұғымдарын тереңдету. "Теңге" ұғымын қалыптастыру. Балалардың қызығушылығын арттыру, тиянақтылыққа, бірін - бірі тыңдай білуге тәрбиелеу.

Мектебімізде «Тоғыз құмалақ» , «Асық ату» үйірмелер жүргізіледі, қантар айы мектепшілік жарысы ұйымдастырылып өткізілді, белсенділік танытқан бастауыш және орта буын сыныптың оқушылары.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізген	Ұйымдастырылуы	Тәрбиелік мәні
5	5	100%	➤ «Ер есімді-ел есінде!» әскери-спорттық жарыс, ➤ «Жыл басы Наурыз мерекелік шара 5-11 сынып оқушылар арасында ➤ «Тоғыз құмалақ» «Асық ату» үйірмелерінің оқушылар арасындағы сайысы	Оқушылар бойында әдеп ұстанымын, спорттық қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыру. Әр түрлі ұлттың тарихы мен мәдениетін, ұлттық тағамдарын, дәстүрлерін үйрену Оқушылар қазақ халқының ұлттық ойынын біледі.

Бағыты: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру. Бұл бағыт бойынша 4-іс шара жоспарланып өткізілді. Соның ішінде: Отбасы күніне арналған республикалық апталық

"Отбасы-бақыт мекені" жоспарына сай, тәрбие сағаттар, «Мен отбасымен бақыттымын!» атты фото-көрме, шығармалар сайысы өткізілді. «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек көрсету мақсатында педагог-психолог Өнербекқызы Ж. конференция ұйымдастырды. Қыркүйек-қазан айлары «Менің отбасылық ағашым» атты акция жақсы деңгейде өткізілді.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізген %	Ұйымдастырылуы	Тәрбиелік мәні
8	8	100%	➤ «Отбасы- бақыт мекені» апталығы, «Отбасы және құқық» ашық тәрбие сағаты, ата-аналар жиналысы	Ұлттық тәрбиенің мақсатын жүзеге асырумен қатар, ата-ана және бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту. Балаларды тәрбиелеу әкелердің ролін арттыру

Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту

Бұл бағыт бойынша - 4 іс-шара өткізілді, жақсы деңгейде өткен іс-шаралар: Эко-десанты: - мектеп аумағын тазалауға, мектеп жанындағы жер теліміндегі жұмысқа барлық сыныптар мен ұстаздар және ата-аналар ат салысты.

Қыркүйек айында жеміс-жидектерден көрме ұйымдастырылды. Көрмеге бастауыш сыныптары қатысты, оқушылардың жұмыстары әр түрлі жемістерден, көкөністерден жасалды. Әр жасалған жұмыс бірін-бірі қайталамады, олар әдемі және көрнекті шықты. 5 а -11 а сыныптары аралығында гүл шоғыр көрмесі ұйымдастырылды.

«Еңбек түбі – береке» еңбек күніне арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

Қантар айында Жеңістің 75 жылдығына орай технология пәні мұғалімі Жусупов А.К., оқушылар салған суреттерінен көрме ұйымдастырылды.

«Менің болашақ маманым» атты ашық тәрбие сағатын Шарип Р 9-11 сынып оқушылармен өткізді. Бұл тәрбие сағатқа ауыл бас мамандарымен бірге учаскелік инспекторын шақырды. Олар өз мамандары туралы толық мәліметтерді беріп, видеороликтерді көрсетті.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізілгені %	Ұйымдастырылуы	Тәрбиелік мәні
12	11	91%	Еңбек десанты: - мектеп аумағын тазалау; «Мамандығым – мақтанышым» маман иелерімен кездесу, «Менің болашақ маманым» атты ашық тәрбие сағатын Ергалиева Ж.Б 9-11 сынып оқушылармен жоғары деңгейде ұйымдастырып өткізді	оқушылар бойына еңбекпен келетін әрбір материалдық құндылықтарға үнемшілдік көзқараста болуға баулу . Бұл тәрбие сағатқа ауыл бас мамандарымен бірге учаскелік инспекторын шақырды. Олар өз мамандары туралы толық мәліметтерді беріп

"Жер - біздің үйіміз" сәуір айында табиғат қорғау акциясы өткізілген жоқ, себебі оқушылар мен ұстаздар карантинде болды.

Келесі оқу жылға ұсыныс:

-Оқушыларды еңбекке баулуды одан әрі жалғастыру

-Мамандық таңдау жолында көмек көрсету.

-Белсенділік, жауапкершілік іс-әрекетін қалыптастыру

Бағыты: интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру

"Болашаққа - білімді, дені сау ұрпақ" атты спорттық ойынын күзгі демалыс кезінде дене шынықтыру пән мұғалімдері ұйымдастырып өткізді.

«Ақиқат» дебат клубы құрылып, 5-6 сынып оқушылары арасында апта сайын дебат қозғалысының отырысы өткізіліп отырылды. Жас мамандарм мен «Ақиқат» дебат клубының мүшелерінің арасында пікір сайыс өтті. Сайыс жоғары деңгейде

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізілген %	Ұйымдастырылуы	Тәрбиелік мәні
9	7	82%	➤ Интеллектуалдық сайыс Не? Қашан? Қайда? 9-10 сынып оқушыларымен ата-аналар арасында жоғары деңгейде оздырылды.	Оқушыларды ойлау, есте сақтау шығармашылық қабілеттерін дамыту, сөйлеу шеберліктерін жетілдіру. Ата-аналар, оқушылар өз білімдерін, сөйлеу қабілеттерін дамыту, ұйымшылыққа баулу..

"Қауіпсіз интернет" айлық және "Озаттар шеруі" шеруі акциясы болмады, карантинге байланысты.

Ұсыныс:

- Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту барысында түрлі шаралар ұйымдастыру;
- Интеллектуалдық білімді көтеру барысында жұмыстану.

Бағыты: көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдени орта құру.

Осы бағыт бойынша 8 іс-шара жоспарланды, барлығы да орындалды. Атап өтсек, «Ереже-мектептің негізгі заңы» тақырыбында сынып жетекшілер барлық сыныптарда тәрбие сағаттарын қыркүйек айында мектеп ережесімен таныстырып өткізді.

8-11 сынып оқушыларына арналған дәстүрге айналған «Күзгі бал-2022» кеші ұйымдастырылды, оқушылар жақсы дайындықпен қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Рухани келісім күніне арналған тәрбие сағаттары барлық сыныптарда өткізілді.

«Абай-өз халқының және барша адамзаттың баласы» челлендж 1-11 сынып оқушыларымен ата-аналар арасында сынып жетекшілердің қолдаумен өткізілді.

"8 -наурыз -Халықаралық аналар күніне" мерекелік концерт жоғары деңгейде өтті, концертке аналар қорермендер ретінде шақырылды.

Төтенші жағдайға байланысты сынып жетекшілер әр сыныпқа ҰОС Жеңісінің 75 жылдығына орай ата-аналардың қолдаумен бейнеролик жасады және оны әр түрлі интернет сайттарға таратты.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізілген %	Іс-шаралар атауы	Тиімділігі
8	8	100%	➤ «Қош келдің – Жаңа жыл!» мейрамы ➤ «Абай-өз халқының және барша адамзаттың баласы» челлендж жақсы деңгейде өткізілді, ➤ «Ұлы жеңістің	Оқушылар тек мұражайлар жөнінде естіп қана қоймай, өз көздерімен көріп, қала тарихымен, тарихи ескерткіштерімен, көрнекті жерлерімен танысты. «Абай-өз халқының және барша адамзаттың баласы», жалпымәдени мінез-құлық

			жаңғырығы» ҰОС жеңісінің 75 ж арналаған бейнеролик жасалды 1-11 сынып оқушылары арасында	дағдыларын қалыптастырды. Эмоционалдық және физиологиялық жағынан халін жақсартып келді. Патриоттық сезімін қалыптастыру
--	--	--	--	---

Ұсыныс:

Оқушылардың көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие алуына жағдай жасау.

Бағыты: дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай отырып, оқушыларды спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Осы мақсаттарды орындау үшін мектепте әр түрлі спорттық секциялар жұмыстануда. Нәтижесінде оқушылар аудандық, облыстық сайыстарда жүлделі орындарға ие болды.

Дене шыңғырту пән мұғалімдері қыркүйек айында «Денсаулық фестивалі» спорттық шараларды ұйымдастырып өткізді

Медбике Шамеш Сауле қыздар арасында гигиена туралы әңгіме жүргізді және жаднама таратты.

Дене шыңғырту пән мұғалімдері қантар айында «Денсаулық фестивалі» спорттық шараларды ұйымдастырып қысқы жарыс ойындар өткізді.

«Назар аудар, бағдаршам!» акция аясында әлеуметтік педагог Бейсенбаева Л.К. тәлімгер Шерикбай Ж бастауыш сыныптарға тәрбие сағат ұйымдастырып өткізді.

Волейбол жарсы ата-аналардың қатысумен жақсы деңгейде ұйымдастырылып өтті.

Мектеп медбикесі Шамеш С қыздар арасында гигиена туралы әңгіме жүргізді және жаднама таратты. Наурыз айының басында оқушыларға «Коронавирус» , «Омикрон» туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жаднама таратылды.

Ақпан және наурыз айылары оқушылар мен ұстаздар арасында мектепішілік волейболдан жарыс ұйымдастырылды. 2021 оқу жылында «Гакку» би ансамблі құрылып 28 оқушы қатысты. Оқу жылының соңына дейін бірнеше Халықаралық сайыстарға қатысып, «Супер Гран-при» мен «Гран -при» иегерлері атанды.

«Таеквандо» спорттық үйірме ақылы түрде жүргізіледі. Барлығы 15 оқушы қамтылған. Осы спорттық үйірмеден Халықаралық, Республикалық нәтижелерге жеткен оқушыларымыз көп.

Жоспар бойынша	Өткізілгені	Өткізілген %	Іс-шаралар атауы	Тиімділігі
11	11	100%	➤ «Денсаулық күні» фестиваль ➤ «Назар аудар, бағдаршам!» акциясы ➤ Волейбол, шашка, шахмат ➤ Тоғыз құмалақ, асық ату халық ойындары ➤ «Гакку» би ансамблі ашылды. ➤ «Таеквандо» спорттық үйірмесінің жұмыстарының толағай жетістіктері.	Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыра білді. Қазақ халқының ойындарын білді.

Қорытынды:

1. 2022-2023 оқу жылы жақсы деңгейде ұйымдастырылған: азаматтық-патриоттық, құқықтық және көпмәдениеттік тәрбие, рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбие, дене тәрбиесі, салауатты өмір салты қалыптастыру, отбасы тәрбиесі.

2. Сынып жетекшілердің жұмысын әрі қарай жалғастыру.

Оқушыларды спорт секцияларымен қамту мониторингі

Оқу жылы	Секция саны	Қатысқан оқушы саны	Пайызы
2021-2022 о.ж	12 секция	90	59,6%

2021-2022 оқу жылдарындағы үйірме жұмыстары және оқушылардың қатысуы

№	Үйірме атауы	Сыныбы	Бала саны
1	«Қазақ күрес»	3	1
		4	1
		5	3
		6	3
		8	4
		9	3
2	«Баскетбол»	5	1
		8	1
		9	8
		10	3
		11	1
3	«Футбол»	5	4
		6	2
		8	7
		9	3
		10	5
4	«Шаңғы»	4	1
		7	2
		8	1
		9	2
		10	2
5	«Тоғыз құмалақ»	3	1
		4	1
		5	8
		6	2
		7	1
		8	3
6	«Асық»	4	1
		5	3
		6	1
		7	3
		8	4
		9	1
8	«Волейбол»	8	2
		9	13
		10	2
		11	1
9	«Шахмат»	4	4

		6 8 9	4 6 4
10	«Президенттік көп сайыс»	7 8 9 11	2 3 3 1
11	«Гакку» би ансамблі	1 2 3 4 5	8 7 6 2 7
12	«Таеквандо»	1 2 3 5 6 8 9 11	2 1 5 1 1 2 2 1

ТҰЖЫРЫМ:

-Ата-аналарды Патриоттық тәрбие нысандарын белсендіру және әртараптандыру өнердің түрлі салаларына, ұлттық салт-дәстүрлерге, сыныптық және қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуғатарту;

- Білім алушылардың рухани – адамгершілік, азаматтық – патриоттық, көркемдік - эстетикалық,еңбек және денетәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс әрекеттер арқылы ұлттық құндылықтарға баулып, функционалдық сауаттылықтарын арттыру.

Тәрбие жұмысына талдау

КҮШТІ ЖАҚТАРЫ ✓ Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысып отыруы. ✓ «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Кел, бірге оқиық» оқу сағатында тұрақты оқуы және іс-шараларға белсенді қатысуы.	ӘЛСІЗ ТҰСТАРЫ ✓ Сынып жетекшілердің сынып ішіндегі күнделікті әрекетті жағымды ұйымдастырып, өзара қарым-қатынасты орнатуы; ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстарды жандандыру, оқушылар арасында кездесетін әр түрлі аурулардың алдын алу; ✓ Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, қоғамдық орындағы тәртіп туралы түсіндірме жұмысты күшейту.
МҮМКІНДІКТЕР ✓ Жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға, оқушылардың білім алу ынтасын арттыруға ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тарту. ✓ Дарынды оқушыларды дамыту бағытындағы шараларды ұйымдастыру. ✓ Салауатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыстарды жандандыру; ✓ Оқушыларға ерте жастан кәсіби бағдар беру жұмысын жандандыру;	ҚАУІПТЕР ✓ Оқушылардың денсаулықтарының әлсіздігі; ✓ Ата-аналардың жұмысбасты болуы. Кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарауы, отбасы тәрбиесінің жеткіліксіздігі. ✓ Интернет арқылы берілетін жағымсыз ақпараттан оқушыларға келетін қауіп-қатерлері. ✓ Мектеп жарғысына, ішкі тәртіп ережесіне бағынбайтын оқушылардың болуы.

